

**Уәкілетті органның
акциялар шығарылымын
мемлекеттік тіркеу**

**Акциялар шығарылымының проспектісі
«Өскемен титан-магний комбинаты» акционерлік
қоғамы
«ӨТМК» АҚ**

«Уәкілетті органның жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, инвесторларға проспектіде сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты қандай да болсын ұсыныстарды беру болып табылмайды. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге қойған уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың дәлдігіне жауапкершілік артпайды. Акциялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі жағынан ғана қарастырылған. Қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектіде бар ақпараттар дәл және инвесторларды қоғам мен оның орналастырылған акциялары жөнінде жаңылысқа кіргізбейтін болып табылатындығына жауапты»

Өскемен қ.

1 тарау. Акционерлік қоғам туралы жалпы мәліметтер.

2. Акционерлік қоғамның атауы.

	Қоғамның толық атауы	Қоғамның қысқартылған атауы
Мемлекеттік тілде	«Өскемен титан-магний комбинаты» Акционерлік қоғамы	«ӨТМК» АҚ
Орыс тілінде	Акционерное общество «Усть-Каменогорский титано-магниевый комбинат»	АО «УКТМК»
Ағылшын тілінде	Ust-Kamenogorsk Titanium and Magnesium Plant Joint-Stock Company	UK TMP JSC

3. Акционерлік қоғам мемлекеттік қайта тіркеуі туралы мәліметтер.

Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеуі туралы 2004 жылғы 05 ақпаннан №73-1917-АО куәлік, Шығыс-Қазақстан облысының Әділет Департаментімен тіркелген.

Бастапқы тіркеу күні – 1995 жылғы 29 қыркүйек (тір. № 73-1917-АО). Қоғам Шығыс-Қазақстандық мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитеттің бастамасымен Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылдың 5 наурыздан «Мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғамдарға айналдыру бойынша ұйымдастырушылық шаралар туралы» Қаулысының негізінде құрылған. Қайта тіркеу Қоғамның құрылтайшылық құжаттарын Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдан «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының талаптары сәйкестігіне келтіру үшін жүргізілген.

4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі:

181600003148.

5. Акционерлік қоғамның орналасқан жері, байланыс телефондары мен факсы, электрондық поштаның мекен-жайы туралы ақпарат.

Қоғамның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 492017, Өскемен қ.

Байланыс телефоны: (8 3232) 23-30-10.

Факсы: (8 3232) 23-30-06, 23-30-66.

E-mail: post@uktmp.kz

6. Акционерлік қоғамның банктік деректемелері.

«Қазкоммерцбанк» АҚ Өскемендік филиалы

ИИК 000609229, БИК 190901721, Кбе 17

«ТұранӘлемБанкі» АҚ ШҚ филиалы

ИИК 005263701, БИК 190901310, Кбе 17

7. Акционерлік қоғам қызметінің түрлері:

- түсті металдардың өндірісі мен өткізуі;
- жанама өнімнің өндірісі мен өткізуі;
- халық тұтыну тауарларының өндірісі мен өткізуі;
- сыртқы экономикалық қызмет;
- кәсіпорындармен, ұйымдармен, жеке тұлғалармен жұмыс атқару және қызмет көрсету;
- және Қазақстан Республикасының істегі заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызметтер түрі.

8. Акционерлік қоғамға немесе онымен шығарылған құнды қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктермен берілген рейтингтердің барлығы туралы мәліметтер.

Қазіргі кезде Қоғамда халықаралық рейтингтік агенттіктердің немесе Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктердің рейтингтері жоқ.

9. Акционерлік қоғамның барлық филиалдарының және уәкілеттіктерінің атаулары, орналасқан жерлері және пошталық мекен-жайлары.

Қоғамның филиалдары мен уәкілеттіктері жоқ.

10. Акционерлік қоғамның қаржылық есебіне аудит жүргізетін (жүргізген) аудиторлық ұйымның толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, бар болса - әкесінің аты).

Аудиторлық компанияның атауы	ТОО «Deloitte & Touche»
Аудиторлық қызметпен айналысуға лицензиясының нөмірі	0000008
Аудиторлық қызметпен айналысуға лицензиясының сериясы	МФЮ
Лицензия беру күні	1999 жылғы 21 қазан
Лицензия берген органның атауы	Қазақстан республикасының Қаржы министрлігі
Аудиторлық компания директорының Т.А.Ә.	Ержанов Азамат Болатович

2 тарау. Қоғам органдары мен құрылтайшылары (акционерлер).

11. Акционерлік қоғамның Директорлар кеңесі 2008.

№ 1 кесте

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы туралы, соңғы үш жылда атқарған, соның ішінде қоса атқарған лауазымдары туралы мәліметтер.	Дауыс беруші акциялардың қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық қатысы	Қосалқы және/немесе тәуелді ұйымдардың қолда бар акцияларының орналастырған акциялардың жалпы санына пайыздық қатысы
Гелер Сильван – Директорлар Кеңесінің Төрағасы	1949 ж.т., 2001 ж. бастап және осы кезге дейін «Спешиалти Металз Компани» фирмасының Өкімшісі - Директоры	жоқ	жоқ
Кауфман Отмар – Директорлар Кеңесінің мүшесі	1940 ж.т., 2001 ж. бастап және осы кезге дейін - «Кантональ Водуаз» Швейцарлық банкінің	жоқ	жоқ

	қаржы мәселелері жөніндегі кеңесшісі		
Шаяхметов Бағдат Мұхаметович – Директорлар Кеңесінің мүшесі	1946 ж.т., 2001 ж. бастап және осы кезге дейін - «ӨТМК» АҚ Президенті	5,0%	жоқ
Абдреев Батырбек Сейтенович – Директорлар Кеңесінің мүшесі	1957 ж.т., 2001 ж. бастап - ҚР экономика және сауда Министрлігінің өнеркәсіп салалар Департаменті директорының орынбасары; 2002 ж. бастап - ҚР энергетика және сауда Министрлігінің халықаралық қатынастар Департаменті директорының орынбасары; 2002 ж. бастап - ҚР индустрия және сауда Министрлігінің индустриялды өнеркәсіп Департаменті директорының орынбасары 2003 ж. бастап және осы кезге дейін - ҚР индустрия және сауда Министрлігінің өнеркәсіп салалар Департаментінің директоры	жоқ	жоқ
Писмаркин Геннадий Николаевич – Директорлар Кеңесінің мүшесі	1951 ж.т., 2001 ж. бастап және осы кезге дейін - «ӨТМК» АҚ кәсіподақ комитетінің төрағасы	0,3%	жоқ

12. Акционерлік қоғамның алқалылық атқарушы органы.

Жарғығы сәйкес Қоғамның алқалылық атқарушы органы Басқарма.

Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Туған жылы туралы, соңғы үш жылда атқарған, соның ішінде қоса атқарған лауазымдары туралы мәліметтер	Дауыс беруші акциялардың қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық қатысы
Шаяхметов Бағдат Мұхаметович	Басқарма Төрағасы	1946 ж.т., 2001 ж. бастап және осы кезге дейін - Басқарма Төрағасы және «ӨТМК» АҚ Президенті	5,0%
Чепрасов Александр Иванович	Басқарма мүшесі	1956 ж.т., 2001 ж. бастап және осы кезге дейін - «ӨТМК» АҚ техникалық директоры	0,03%
Ким Вера Чергоновна	Басқарма мүшесі	1939 ж.т., 2001 ж. бастап және осы кезге дейін - «ӨТМК» АҚ қаржы директоры	0,04%
Толмачев Михаил Александрович	Басқарма мүшесі	1946 ж.т., 2001 ж. бастап - «ӨТМК» АҚ Бас энергетигі, 2002 ж. және осы кезге дейін - «ӨТМК» АҚ техникалық директорының өндірісті қамтамасыздау, коммерциялық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары, 2001ж.	0,03%
Колчев Владимир Гаврилович	Басқарма мүшесі	1946 ж.т., 2001 ж. және осы кезге дейін - «ӨТМК» АҚ №1 цех бастығы	0,04%

13. Директорлар Кеңесінің мүшелеріне, атқарушы орган мүшелеріне және басқа жетекші қызметкерлерге төленілетін сыйақылар.

Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Қоғам Жарғысымен сыйақылар төлеу қарастырылмаған. «ӨТМК» АҚ Басқармасының мүшелеріне Директорлар Кеңесімен айлық лауазымдық кесімді төлеулер белгіленген. «ӨТМК» АҚ Басқармасының мүшелерінің соңғы үш айдадағы еңбекақысының жалпы сомасы:


№	Т.А.Ә.	Лауазымы	2003 ж. желтоқсан айына және 2004ж. қаңтар-ақпан айларына еңбекақылардың жалпы сомасы
1	Шаяхметов Бағдат Мұхаметович	Президент	600
2	Чепрасов Александр Иванович	Техникалық директор	330
3	Ким Вера Чергоновна	Қаржы директоры	330
4	Толмачев Михаил Александрович	Техникалық директорының өндірісті қамтамасыздау, коммерциялық және әлеуметтік мәселелер	195
5	Колчев Владимир Гаврилович	№1 цех бастығы	180

14. Акционерлік қоғамның ұйымдастырушылық құрылымы.

1) акционерлік қоғамның құрылымдық бөлімшелері:

Кел. беттен 1 сұлбаны қар.

1 сұлба: «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ ұйымдастырушылық құрылымы



2) акционерлік қоғам қызметкерлерінің жалпы саны, соның ішінде акционерлік қоғамның барлық филиалдары мен уәкілеттіктерінің қызметкерлері:

Қоғам қызметкерлерінің жалпы саны 01.02.04ж. жағдайына 2 667 адамды құрайды. Қоғамның филиалдары мен уәкілеттіктері жоқ.

3) акционерлік қоғамның акцияларын иеленуші акционерлік қоғам қызметкерлерінің жалпы саны және олардың орналастырылған акциялардың жалпы санынан қосынды үлесі пайызда:

Акционерлік қоғамның акцияларын иеленуші Қоғам қызметкерлерінің жалпы саны 01.02.04ж. жағдайына 994 адамды құрайды. Қоғам қызметкерлерінің қолындағы орналастырылған акциялардың жалпы санынан барлық акциялардың қосынды үлесі 6,7% құрайды.

4) акционерлік қоғам бөлімшелерінің жетекшілері туралы мәліметтер (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты):

№ 3 кесте

Бөлімше жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты	Бөлімше жетекшісінің туған жері	Бөлімше жетекшісінің лауазымы	Бөлімше атауы
Шаяхметов Бағдат Мұхаметович	1946	Президент	Әкімшілік
Чепрасов Александр Иванович	1956	Техникалық директор	
Ким Вера Чергоновна	1939	Қаржы директоры	
Толмачев Михаил Александрович	1946	Техникалық директорының өндірісті камтамасыздау, коммерциялық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары	
Якутов Михаил Александрович	1963	Техникалық директордың сапа және	

		сертификаттау жөніндегі орынбасары	
Колобов Николай Петрович	1947	Президенттің кеңесшісі	
Чайковский Станислав Николаевич	1941	Техникалық директор орынбасарының м.а. – ӨТБ бастығы	Өндірістік-техникалық басқарма (ӨТБ)
Құрманғалиев Арман Айтмұханович	1974	ӨТБ бастығының өндірісті және өзіндік құнды жоспарлау жөніндегі орынбасары, №25 цехтың бастығы	
Ломов Владимир Павлович	1954	Басқарма бастығы	Еңбекті ұйымдастыру және қызметкерлермен толықтыру басқармасы
Макарова Марина Владимировна	1964	Бас бухгалтер	Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасы
Койшыбаев Мұрат Садықович	1949	Басқарма бастығы	Материалдық-техникалық жабдықтау және көлік басқармасы
Молдажанова Лариса Ахметовна	1949	Бөлім бастығы	Өткізілімдер бөлімі
Козлов Василий Иосифович	1941	Бөлім бастығы	Жобалау-конструкторлық бөлім
Качалов Александр Павлович	1946	Бас энергетик	Бас энергетик бөлімі
Чалдыбаев Рустем Ришатович	1965	Бас механиктің м.а.	Бас механик бөлімі
Нұржақыпов	1945	Бөлім бастығы	Күрделі құрылыс

Құрманғали Қабанович			бөлімі
Антропов Александр Семенович	1947	Бөлім бастығы	Сапамен басқару және сертификаттау бөлімі
Малышев Владимир Алексеевич	1960	Бөлім бастығы	Еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және төтенше жағдайлар бөлімі
Важина Раиса Ивановна	1950	Бөлім бастығы	Қаржыны есепке алу және бақылау бөлімі
Павлова Татьяна Александровна	1959	Бөлім бастығы	Салықтық бақылау және аудит бөлімі
Естәулетов Қайрат Қайырлынович	1953	Заң кеңесшісі	Үнемдеу-заң қызметі
Ерхай Мария Тихоновна	1955	Қызмет бастығы	Аудармашылар қызметі
Романова Надежда Валентиновна	1950	Бөлім бастығы	Әкімшілік- шаруашылық бөлім
Колчев Владимир Гаврилович	1946	Цех бастығы	№1 цех
Долгих Сергей Елизарович	1947	Цех бастығы	№2 цех
Гордеев Михаил Изильевич	1957	Цех бастығы	№3 цех
Ким Валерий Ендорович	1945	Цех бастығы	№6 цех
Гимадиев Аскар Гатиятович	1951	Цех бастығы	№7 цех
Аубакиров Адельбек Тулегенович	1959	Цех бастығы	№9 цех
Баранович Виктор	1951	Цех бастығы	№10 цех

Иванович			
Локтев Виталий Юрьевич	1957	Цех бастығы	№11 цех
Шмидт Евгений Валентинович	1967	Цех бастығы	№12 цех
Сағымбаев Ерик Ерлесович	1973	Цех бастығы	№21 цех

5) Филиалдар мен уәкілеттіктер жетекшілері туралы мәліметтер (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты):

Қоғамның филиалдары мен уәкілеттіктері жоқ.

15. Акционерлік қоғам құрылтайшылары (акционерлер).

№ 4 кесте

Акционердің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты және орналасқан жері	Қолда бар акциялардың орналастырған акциялардың жалпы санына пайыздық қатысы
«Спешиалти Металз Компани» фирмасы Бельгия, Брюссель қ., Тенбош көш., 42А	65,5%
Шаяхметов Бағдат Мұхаметович Қазақстан Республикасы, 492000, Өскемен қ., Ушанов көш., 68 үй, 134 п.	5,0%
Номиналды ұстаушы: «Темірбанк» АҚ Қазақстан Республикасы, 480008, Алматы қ, Абай данғ., 68	10%

№ 4 кестеде номиналды ұстаушы «Темірбанк» АҚ көрсетілген, себебі өз құнды қағаздарын «Темірбанк» АҚ номиналды ұстауға берген акцияларды иеленушілер, номиналды ұстау туралы өзара бекітілген шартқа сәйкес оған өзі туралы мәліметтерді ашу құқығын бермеген.

Қоғамның дауыс беруші акцияларын сатып алуға опциондар жоқ.

16. Акционерлік қоғамның ұйымның он және одан да астам пайыз орналастырылған акциялары бар ірі акционері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер.

Қоғам басқа акционерлік қоғамдардың ірі акционері болып табылмады.

17. Қоғам қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндар, ассоциациялар, консорциумдар туралы ақпарат.

Қоғам қандайда болсын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндар, ассоциациялар, консорциумдардың қатысушысы болып табылмайды.

18. Акционерлік қоғамның басқа аффилирленген тұлғалары туралы ақпарат.

Қоғам «SATPAJEVSK TITANIUM MINES LTD» ЖШС 50% мөлшерінде үлесіне ие.

(Сатпаевск Титаниум Майнс Лтд) (ильмениттің Бектемір кен орны, Шығыс-Қазақстан облысы).

3 тарау. Акционерлік қоғам қызметінің сипаттамасы.

19. Акционерлік қоғамның негізгі қызметтерінің қысқаша сипаттамасы, акционерлік қоғамның бәсекелесі болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер.

«Өскемен титан-магний комбинаты» (ӨТМК) кәсіпорны 1965 жылы іске қосылған. Комбинат, толығымен қорғаныс өнеркәсібінде (негізінде авиация және кеме құрылысында) және жартылай халық шаруашылығының кейбір салаларында да қолданылатын кеуекті титан шығарған. Барлық шикізат (титандық және магнийлік) Украина мен Ресейде өндірілген. Осындай титан шығаратын кәсіпорындар Украина мен Ресейде жұмыс істеген. ССРО қирағаннан және экономиканың кері ықпалынан кейін ССРО бұрынғы республикалары титан өнімінің әлемдік рыногында өз бетімен жеткізуші және бәсекелестер болды. Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып осы салаға мемлекеттік назар аударды. 1992 жылы титан шикізатының қорларын кейін бекітумен гелогия-барлау жұмыстары, осы минералды концентратты қайта өңдеу бойынша қуаттылықтардың құрылысы жүргізілді. 2000 ж. Қазақстан тарихында отандық шикізаттан алғашқы титан қожы, содан кейін осы өнімнен кеуекті титан алынды. Қазақстанда «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ титанды кеуектің жалғыш өндірушісі болып табылады. Қоғам бұдан басқа тазартылған металл магнийін, магний ұнтақтарын, ванадий бестотығын, тұз қышқылын өндіреді, сонымен қатар скандий оксидін, металл скандиін, өндіріс қалдықтарынан және өндірістік дүмбілдерінен ванадий тотығын шығару

технологиясының иегері. Қоғамның әлем нарығына шығатын негізгі өнімі болып титанды кеуек табылады.

Титанды кеуектің әлемдік өндірісінің географиялық құрылымына Қазақстаннан басқа Япония, Ресей, АҚШ, Украина және т.б. елдер кіреді (№ 5 кестені қар.).

№ 5 кесте

Ел	Кәсіпорын атауы	Қуаттылықтар (мың т./жыл)
Япония		27,0
	«Sumitomo Titanium»	15,0
	«Toho Titanium»	12,0
Ресей	«Ависма»	25,0
Қазақстан	«УКТМК»	25,0
Украина	«Запорожский титано-магниевый комбинат»	6,0
АҚШ	«TIMET»	9,0
Қытай		3,0
Барлығы		95,0

№ 5 кестеде 2002 жылға мәліметтер берілген.

Япония титанды кеуек продуценттерінің бірі болып табылады. 2001 жылдың аяғына «Sumitomo Titanium» және «Toho Titanium» кеуекті титан өндірісінің мөлшері 22,5 мың тоннаны құрады. Соңғы 10 жылда АҚШ кеуекті титанның екі өндірушісі - RTI International Metals Inc, Найльс, Огайо штаты (RTI), И Allegheny Technologies Inc., Питтсбургс, Пенсильвания штаты (ATI), өз кеуек шығару зауыттар жауып тастады. Нәтижесінде, кеуекті титан өндірісін негізінде өзінің ішкі тұтынушысы үшін жалғастыратын бір ғана компания - Titanium Metals Corp (Timet) қалды.

Ресейде титанды кеуек «Ависма» кәсіпорнында өндіріледі. ССРО қирауынан кейін «Ависма» өз өнімдерін «ВСМПО» ғана емес, еуропалық елдерге, АҚШ пен Японияға да жеткізе бастады.

1999 жылы «Ависма» «ВСМПО» бір бөлігі ғана болып қалды, енді «ВСМПО» мұқтаждығын толық қанағаттандырғаннан қалған кеуекті титанды экспортқа шығарады. «ВСМПО» жыл сайын титан бұйымдарының экспортын арттыруда.

Титанды кеуектің Украинадағы өндірісі 1993 ж. тоқтатылып 1998 ж. қайта жаңғыртылған. Запорожье титан-магний комбинаты титанды кеуектің төменгі сұрыпын жылына 6 мың тоннаға жуық мөлшерін шығарады.

20. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сатылымдардың (жұмыстар, қызметтер) кірісітілігіне жағымды және жағымсыз ықпалын тигізетін факторлар.

Қоғаммен өндірілетін қызметінің негізгі түрлері бойынша кірісітілігіне ықпалын тигізетін факторлары, әлемдік бағалардың өзгеруіне апарып соғатын, өндірістің тұтынушы салаларында өндірістің төмендеуі немесе жоғарлауы болып табылады. Қоғамның, өз өнімін шығару кезінде оның сапасы мен өзіндік құнына ықпалын тигізуге мүмкіндігі бар.

2000 жылы қоғам кен-термиялық кешенді іске қосты, ол металл өнімін өндіруге қолданылатын, импортқа жіберілетіннен гөрі сапасы жоғары сапалы титан қожы түрінде шикізат өндіруге мүмкіндік берді. Осы кен-термиялық кешен 25 нысаннан тұрады.

1995 жылдан бастап және осы уақытқа дейін қоғам, титанның жоғарғы маркаларын аэрокосмостық салада қолдану үшін сертификаттаудан өтеді. Бұны ұйымдастыру үшін комбинат жыл сайын техникалық аудиттардан өтеді. 2000 жылы қоғам сапа менеджменті жүйесінің 1994 жылғы сипаттағы ISO 9002 халықаралық стандарт талаптарына сәйкестігіне мақұлдау сертификатын алды. 2003 жылы Қоғам сапа менеджменті жүйесінің ISO 9001-2000 халықаралық стандарттың жаңа сипатына және американдық AS 9100 Rev.A. аэрокосмостық стандартқа сәйкестігін растады.

Титанды кеуектің сапасын жоғарлату және шикізатқа кететін шығындарды төмендету қоғамға 2002 жылы АҚШ титанды кеуектің экспорты бойынша алдыңғы орындарға шығуға мүмкіндік берді (жылына 5,5 мың тоннада астам).

Сонымен қатар, соңғы екі-үш жылда аэрокосмостық өндірісте уақытша төмендеу байқалады, ол әлем рыногында титанды кеуекке деген сұранысты төмендетеді. Сонымен бірге энергетикалық ресурстарға бағалардың кезенді және үнемі жоғарлауы болуда.

2003 жылы болған ұлттық валютаның АҚШ долларына қарасты қатынасының әсерлі нығаюы Қоғамның кірісітілігіне кері ықпалын тигізді, себебі өнімді өткізу мөлшеріндегі экспорттың үлесі 98% жуық мөлшерді құрасытырды.

21. Соңғы екі жылда немесе акционерлік қоғамның нақты тіршілік ету кезеңіне өткізілген өнімнің (атқарылған жұмыстар, қызметтер) мөлшері.

2002-2003 жылдарға Қоғаммен өткізілген титанды кеуектің мөлшері:

Өнім атауы	Өткізілген өнімнен кірістер мың тг.		
	2002ж.	2003ж.	2004ж., 1 ай
Кеуекті титан	9 878 678	8 179 606	807 763

Сонымен, 2003 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда титанды кеуектің өткізу мөлшерінің төмендеуі 17,2% байқалған.

2002-2003 жылдарға Қоғаммен өткізілген магнийдің мөлшері:

Өнім атауы	Өткізілген өнімнен кірістер мың тг.		
	2002ж.	2003ж.	2004ж., 1 ай
Тауарлы магний Mg 90, 95	421 172	407 767	27 122

2003 ж. өткізілген магнийдің жалпы мөлшері 2002 жылға қарағанда 3,18% төмендеді.

2002-2003 жылдарға Қоғаммен өткізілген барлық өнімнің мөлшері:

Өнім атауы	Өткізілген өнімнен кірістер мың тг.		
	2002ж.	2003ж.	2004ж., 1 ай
Барлық өнім	10 330 111	8 686 067	840 564

Сонымен, 2003 ж. Қоғаммен өткізілген барлық өнімнің жалпы мөлшері 2002 жылға қарағанда 15,92 % төмендеді.

Қоғаммен өткізілген тауардың байқалатын төмендеуінің себебі әлем рыногында титан өніміне деген сұраныстың төмендеуімен байланысты. Титанды тұтынатын негізгі сала болып авиация құрылысы болып табылады. Мұны АҚШ мысалында қарастыруға болады. 2002 жылы тұтынылатын титанның 65% жуығы авиакосмостық салада қолданылады, қалған 35% - самолет құрылысымен байланысты емес брондалған техника, химиялық өндіріс, электроэнергетика, кеме құрылысы, медицина, спорт тауарларының өндірісі сияқты салаларына кеткен.

Азаматтық самолет құрылысында өндірістің айтарлықтай қысқартылуы 2002 жылы титан өніміне деген сұранысының төмендеуіне әкелген. 2003 жылы әлемдік рынокта титан өніміне деген сұраныстың төмендеуі жалғасқан. Алайда, эксперттер 2004 жылы бұрынғы деңгейдің қалпына келуін күтуде. Алыс келешекте – 2019 жылға таман авиация құрылыстық өндірістің титанның сатылымымен жағдай бұдан да қолайлы болуы тиіс, өйткені, тек қана

азаматтық самолеттар паркі эксперттердің болжаулары бойынша осы кезеңдегімен салыстырғанда 1,9 есе артады. Бұл титанның одан да көп санының қолдануын талап етеді және осы өнімнің көрсетілген салада тұтынуының қазіргі деңгейін артуына апарады.

Титанды тұтынудың доминантты саласының айырмасында – авиакосмостық сектор, осы металды өнеркәсіптің басқа да салаларында өткізу дәстүрлі түрде тұрақты болған. Осы салаларда титанға деген сұраныстың қолайлы және қолайсыз жылдарына карағанда айырмашылығы 10% құрады.

22. Акционерлік қоғамның өз өнімін (жұмысын, қызметін) сатуды ұйымдастыру бойынша қызметі.

Жеткізушілер туралы мәліметтер.

Қоғам шикізат жеткізуге алыс шетелдегі фирмалармен шарттар жасасады. Жеткізушілермен ұзақ байланыстар шикізат жеткізуде болжамдар жасауға мүмкіндік береді.

Қоғамның шикізатқа деген мұқтажы 2003 жылға 97 364 мың т. құрады.

Қоғамға жеткізілетін шикізат импортының үлесі, шикізаттың жалпы мөлшерінен 92,53 % құрайды.

Қоғамға жеткізілетін шикізаттың негізгі түрлері.

№ 6 кесте

Шикізат атауы	Шикізат мөлшері, мың т		Импорт үлесі %	
	2002ж.	2003ж.	2002ж.	2003ж.
Титан қожы	33,068	27,836	52,4	10,5
Ильменитті концентрат	32,403	49,185	100	100
Құрғатылған карналлит	18,799	20,343	100	100

№ 7 кестеде Қоғам үшін шикізаттың негізгі ірі жеткізушілер-импортшылары бойынша мәліметтер берілген.

№ 7 кесте

Жеткізушінің атауы	Шикізат атауы	Жеткізілімдер мөлшері мың т.	Шикізаттың осы түрі бойынша % үлесі
--------------------	---------------	------------------------------	-------------------------------------

		2002ж.	2003ж.	2002ж.	2003ж.
Украина	Титан қожы	20,748	-	95,1	1
Украина	Ильменитті концентрат	9,134	-	63,5	-
Украина	Титан қожы	-	2,494	-	35,75
Украина	Ильменитті концентрат	5,243	41,627	36,5	100
Китай	Құрғатылған карналит	16,8	11,4	100	100

№ 8 кестеде ішкі рынокта шикізаттың негізгі ірі жеткізушілері бойынша мәліметтер берілген.

№ 8 кесте

Жеткізушінің атауы	Шикізат атауы	Жеткізілімдер мөлшері		Шикізаттың осы түрі бойынша % үлесі	
		2002ж.	2003ж.	2002ж.	2003ж.
«СТМ» ЖШС	Титан қожы	1,075	4,482	4,9	64,25

Қоғамға жеткізілетін технологиялық материалдардың негізгі түрлері.

№ 9 кесте

Шикізат атауы	Шикізат мөлшері, мың т		Импорт үлесі %	
	2002ж.	2003ж.	2002ж.	2003ж.
Пектік кокс	6,191	4,769	-	-
Сұйық хлор	5,388	3,037	-	-
Антрацит көмірі АМ, АММ	2,270	3,314	-	-

№ 10 кестеде Қоғамға технологиялық материалдарды жеткізетін негізгі ірі ірі жеткізушілер-импортшылары туралы мәліметтер берілген.

Жеткізушінің атауы	Материалдар атауы	Жеткізілім көлемі мың.т		Материалдардың осы түрлері бойынша % үлесі	
		2002ж.	2003ж.	2002ж.	2003ж.
Ресей	Графиттелген электродтар Ф710 мм	0,265	0,233	100	100
	Графиттелген блоктар	0,164	0,114	100	100
	Пектік кокс	5,209	5,642	100	100
	Сұйық хлор	4,8	3,28	100	100
	Антрацит көмірі АМ, АММ	2,232	3,018	100	100

Қазақстанда титан өнеркәсібін дамыту бағдарламасына сәйкес осы кезде титан өндіру үшін шикізат базасы дайындалып жатыр. Бірнеше кен орындарындағы қорлар зерттеліп дәлелденді: Обухов (Ақмола обл.), Шоқаш (Ақтөбе обл.), Сәтпаев (Шығыс-Қазақстан обл., Бектемір). Осы кен орындары өнеркәсіптік игерімге дайын. Сәтпаев кен орнында 2002 жылдан бастап ильменит концентратын алу жөнінде тәжірибе-өнеркәсіптік фабрикасы жұмыс атқарып жатыр. Қосымша жүргізілген геология барлау жұмыстары Сәтпаев кен орнындағы бекітілген қорларын 2003 жылы 2 есе артыруға мүмкіндік берді. 2000 жылы Қоғам ильменитті концентратын балқыту кен-термиялық кешенін іске қосты. Көрсетілген кен орындарынан кен шығару және жаңа технологиялық кешенді іске қосу жұмыстары титан шикізатымен жеткізушілер-импортшылар тәуелді болу дәрежесін азайтуға бағытталған.

2003 жылда сатылған өнімнің жалпы көлемі 8 686 067 мың теңге құрады.

Экспорт өнімнің үлесі сатылған өнімнің жалпы көлемінен 98,5 % құрады.

2003жылда Қоғам шығаратын өнімнің негізгі тұтынушылары бойынша мәлімет.

Тұтынушының атауы	Өнімді өткізуінің жалпы көлеміндегі үлесі %
АҚШ	49,8

Елдегі жүргізілетін жоғары технологиялық өндірістерді даярлау және инновациялық технологияларды дамыту саясаты ішкі рынокта Қоғамның өнімін тұтыну үлесін көтеруге ықпал етуі мүмкін. 2000 жылдан бастап Қоғам титан өндірісін кемеліне жеткізуге бағытталған технологияларды алға бастыру, сонымен қатар шығаратын өнім диверсификациясына және өнеркәсіп өнім мен өндіріс қалдықтарын тиімді пайдалану жұмыстарымен белсенді айналысады.

23. Акционерлік қоғамның жұмысына әсер ететін факторлар:

1) маусымдық жұмыстардың түрлері, олардың акционерлік қоғамның жалпы табысындағы үлесі;

Түсті металдар өндірісі мен өткізуі, сонымен қатар қоса өндірілетін өнімдер маусымдық өзгерістерге ұшырамайды.

2) Өткізетін өнімнің жалпы көлеміндегі акционерлік қоғамның импорт үлесі және акционерлік қоғамның экспортқа шығаратын өнім үлесі;

Қоғамға шетелден келетін шикізатының үлесі бүгінгі күнде 92,53 % құрайды. Импорттың үлесін төмендету және өндірілетін өнімнің бағасын түсіру және де кіріс бөлігін көбейту үшін, Қоғам өндіріс айналымы стратегиясын толық қабылдайды.

Экспортқа шығарылған өнімнің үлесі. 2003 жылы өнім экспорты өткізілген жалпы өнімнің көлемінен 98,5 % құрады.

3) Акционерлік қоғамның сот істеріне қатысу жөніндегі мәліметтер;

Қоғам сот істеріне қатыспайды.

4) Акционерлік қоғамға және соңғы жылда мемлекеттік органдар немесе сот уәкіл еткен оның лауазымды тұлғаларына барлық берілген әкімшілік жазалар туралы мәліметтер;

Акционерлік қоғамға және 2000-2003 жылдары мемлекеттік органдар немесе сот уәкіл еткен оның лауазымды тұлғаларына 2004 ж. 01 ақпанына дейін берілген әкіми жазалар жоқ.

б) қауіп-қатер факторы

- *құнды қағаздардың ұйымдастырылған рыногында немесе биржадан тыс рыногында акция құнына ықпал ететін қауіп-қатерлер:* Қоғамның

акцияларының сұраныстары соңғы 5 жылда тұрақты және жоғары. Бұл инвесторлардың титан өнімі жататын стратегиялық материалдарды шығаратын кәсіпорындарға деген мүдделерінің жоғары деңгейіне байланысты. Қоғамның қаржылық тұрақтылығы, Қоғамның ішкі рынокта негізгі өнімді шығару және өткізуге басталастығы болмағандықтан, бұл Қоғамның акциялар сұранысын көрсетілген деңгейде қор нарығында ұстап тұруға ықпал етеді.

- **Қоғам акциялары құндығына ықпал ететін нарықтағы өнім бағасының өзгеруі:** дүние жүзілік нарығында өнім бағасының өзгеруі Қоғам акцияларының құндылығына маңызды ықпал етпейді

Кеуекті титанның дүниежүзілік баға динамикасы.

№ 12 кесте

Metal Bulletin*/Metal Pages*	2002 жыл (есеп) \$/кг	2003 жыл (есеп) \$/кг
TK100(12x25)	6,34/5,65	5,99/5,37
TK100(12x70)	5,98/5,15	5,81/5,16
TK120-150 (12x70)	5,26/-	4,41/-
Ферротитан	3,97/3,67	4,75/4,46

Сонымен қатар, Қазақстан қор биржа саудасында 26.01.04ж. Қоғам акцияларының құны көтерілгені тіркелді. Бір акцияның құны 7202 теңге болды. 25.12.03ж. Қазақстан қор биржасында жасалған алдыңғы келісім бойынша әр акция 6 145 теңге бағасымен тіркелген.

- **инфляция, девальвация және банк ақысының пайыздары туындайтын қауіп-қатерлер:** экспортер-кәсіпорын болғандықтан, Қоғамға валютаның тұрақсыздығы қауіп-қатер туғызады. Ұлттық валютаның АҚШ долларына қарағанда маңызды тұрақтылығы қазақстандық экспортер-кәсіпорындарының кіріс мөлшеріне кері ықпал тигізді.
- **Шығарылатын өнімнің бәсекелестік қасиетімен байланысты қауіп-қатерлер:** Қоғам дүниежүзілік рынокта біріншіден шығаратын өнімнің сапасы және бағасымен бәсекелестікке түспек. Жаңа технологиялық жабдықтарды игеруі өнімнің сапасын көтеруіне мүмкіндік туғызады. Сапасы жоғарылау титан қожысын өндіру және ильменит канцентратының қорытпасы бойынша жаңа кен-термиялық кешендерді іске қосуы титан кеуегін өндіру үшін жоғары сапалы шикізат алуға мүмкіндік берді.

Қоғамның ішкі және сыртқы саясаты түсті металлдардың өндірісін мейлінше жетілдіруге, шығарылатын өнімнің өзіндік құнын ретімен арзандатуға, кәсіпорынның басталастығын көтеру мақсатымен өнім түрлерін көбейтуге бағытталған.

- *елдегі саясат жағдайлары және заңдардың өзгеруіне байланысты болатын қауіп-қатерлер:* Қазақстандағы саясат жағдайларының даму болжамдары жақсы және де келесі жылдары оның тұрақты болуын дәлелдейді. Заңдар Қоғамның жұмысына маңызды кедергі жасамайды. Қоғамның негізгі жұмысы түсті металлдарды өндіру және өткізуіне лицензия берілмейді. Қоғамның негізгі өнімнің түрлерін өндіру және өткізу жұмысына мемлекеттік монополияға қарсы ұйымдар бақылау жүргізбейді. Экспорт квоталары жоқ.
- *әлеуметтік факторлармен байланысты қауіп-қатерлер:* Қоғамның әлеуметтік және кадрлар саясаты біліктілігі жоғары мамандарды тарту және қызметкерлердің әлеуметтік жағдайларын барынша жақсартуға бағытталған. Еңбекті қорғау мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Қоғам төрт жыл қатарынан Қазақстан кешені тау-металлургия кәсіпорындарының еңбекті қорғау жағдайы бойынша сайысында жүлде алып отыр.

4 Бөлім. Қаржылы емес ұйымдарының қаржы жағдайы.

24. Инвестициялар.

Ұзақ мерзімді инвестициялар:

«SATPAYEVSK TITANIUM MINES LTD» ЖШС (Сатпаевск Титаниум Майнс Лтд) - 4 500 мың/ теңге.

25. Дебиторлық қарыз.

№ 13 кесте

Дебитордың атауы мен орналасқан мекені	Сома (мың/теңге) және қарызды өтеу мерзімі				
	2004 ж.	2004 ж.			
		I тоқ.	II тоқ.	III тоқ.	IV тоқ.
Бюджет	638 363	219 182	352 631	107 472	27 566
Басқа қарыздар	198 229	-	-	-	-
Барлығы:	836 592	-	-	-	-

26. Акционерлік қоғамының Жарғылық капиталы.

«ӨТМК» АҚ төленген Жарғылық капиталының көлемі 21 582 000 теңге құрайды.

* 1 ескерту: 01.02.04ж. «ӨТМК» АҚ төленген Жарғылық капиталының көлемі 21 582 000 теңге құрады. 03.02.04ж. Жарғылық капиталының төлеміне ҚР 13.05.03ж. «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 11б. 2т. сәйкес акционерлер тағы бір төлем 98 198 100 теңге көлемінде жасады. Көрсетілген төлем 01.02.04ж. күнінен кеш жасалғанына байланысты, берілген проспектісіне қосымша қаржылық есеп жасалған, бұл өзгерістер осы проспектіде көрсетілмеген.

* 2 ескерту: қазақстандық стандарт бойынша жасалған Қоғамның қаржылық есебі мен ҚЕХС сәйкес жасалған аудитор есебіндегі Жарғылық капитал көлемінің мәліметтері бойынша айырмашылығы берілген стандарттардағы айырмашылықтарымен қарастырылған. Халықаралық стандарттарға сәйкес Жарғылық капиталға инфляцияға байланысты өзгерістер енгізіледі.

27. Қарыздар.

Қоғамның облигациялар шығару, банктік қарыздар және несие желілері жоқ.

28. Қоғамның негізгі қызметтерін іске асыруымен байланысты несиелік қарыз (жеткізушілер алдындағы қарыз, алынған аванстар).

№ 14 кесте

Кредитордың атауы мен орналасқан мекені	Сума (мың/теңге) және қарызды өтеу мерзімі				
	2004 ж.	2004 ж.			
		I тоқ.	II тоқ.	III тоқ.	IV тоқ.
«PRESWICK» фирмасы, АҚШ	561 528	-	561 528	-	-
Басқа қарыз	828 977	-	-	-	-
Барлығы:	844 505	-	-	-	-

Сонымен қатар 23 133 мың теңге сомасында ұзақ мерзімді несиелік қарыз бар. (ұзартылған бірлескен салық).

29. Қаржы нәтижелерінің талдауы.

Қоғам шығаратын негізгі өнім түрлері дүниежүзілік рыногында сұраныс төмендеуіне байланысты 2002 жылмен салыстырғанда 2003 жылы өнімнің өткізу мөлшері төмендеді. 2004 жылы Қоғам болған деңгейге қайта оралуды көздеп отыр.


№ 15 кесте

Атауы	2002ж., мың. теңге	2003ж., мың. теңге	2004ж., мың. теңге
Өнімді өткізуден алынған табыс	10 330 111	8 686 067	840 564
Таза табыс	1 100 428	273 174	2 670

* 3 ескерту. Қоғамның қаржылық пен аудитор есептерінің негізгі көрсеткіштер мәліметтері бойынша айырмашылығы, Қоғамның қаржылық есебінің қазақстандық стандартқа сай, ал аудиторлық есептің халықаралық стандартқа сай жасалуына байланысты. Көрсетілген стандарттағы маңызды ерекшеліктер - негізгі қорды қайта бағалауда, амортизациялық аударым шамасында, инфляцияға түзетулер қолдануда, сонымен қатар, корпорациялық табыс салығы (соның ішінде кейінге қалтырылған) бойынша шығын есебі шамасында бар.

Сонымен қатар, ҚЕХС сәйкес аудиторлық есеп негізіне «ӨТМК» АҚ жарғылық капиталының 50% үлесіне ие болатын, «ӨТМК» АҚ және «СТМ» ЖШС қаржылық есебінің ұзартылған мәліметтері жатады. Осының нәтижесінде кірістер, шығыстар, активтер мен меншікті капиталды бағалау барысында айқын айырмашылықтар болмай қалмайды. Толығырақ 31.12.02ж. және 31.12.03ж. қаржылық есепке қоса ұсынылған Түсіндірме хаттарын қараңыз.

Таза және өнімді сатудан түскен табыстың динамикасы



Соңғы үш жылда Қоғамның меншік капиталының көлемі үнемі өсіп отырды.

	2001ж.	2002ж.	2003ж.	2004ж., 01.02.04ж.
Меншік капитал мың.теңге	6 515 272	7 534 444	7 684 475	7 687 145

*3 ескертуді қараңыз.

2002 және 2003 жылдарға «ӨТМК» АҚ кірістері мен шығындарының құрылымы.

№ 16 кесте

Көрсеткіштердің атауы	2002ж., мың/ теңге	2003ж., мың/ теңге	2004ж., 1 ай мың/теңге
Өнімді өткізуден түскен табыс.	10 330 111	8 686 067	840 564
Өнімді өткізу	10 330 111	8 686 067	840 564
Өткізілген өнімнің өзіндік құны	8 002 938	7 603 791	764 533
Жалпы табыс	2 327 173	1 082 276	76 031
Кезең шығындары, барлығы	723 044	617 980	42 139
Соның ішінде:			
<i>Жалпы және әкімшілік шығындар</i>	648 467	560 181	37 011
Соның ішінде:			
НҚ және МЕА амортизациясы	25 415	26 763	2 955
Банк қызметі, конвертация	11 194	7 707	629
Коммуналды шығындар	7 967	9 473	761
Иссапарлар	12 940	8 007	384
Салық	66 291	78 622	-
Еңбекақы және аударымдар	155 412	155 244	13 124
Байланыс, коммуникация, көлік	25 363	8 144	183
НҚ жөндеу, жөндеу жұмыстары	7 520	8 937	38
СЕ саналмаған шығындар	67 930	79 042	1 862
Басқа да шығындар	268 435	178 242	17 075
<i>Өткізу шығындары, барлығы</i>	<i>74 577</i>	<i>57 799</i>	<i>5 128</i>

Соның ішінде:			
Еңбекақы және аударымдар	4 345	4 264	351
Көлік және байланыс	8 026	5 518	219
Басқа да шығындар	41 292	36 737	4 441
Кедендік ресімдеу	20 349	10 638	117
Іссапарлар	565	642	-
<i>Пайыз бойынша шығындар</i>	0	0	-
Негізгі қызметтен түскен табыс	1 604 129	464 296	33 892
Негізгі емес қызметтен түскен табыс	87 102	8 614	4 565
Әдеттегі қызметтен түскен табыстан салық төлеуге дейін.	1 691 231	472 910	38 457

* 3 ескертуді қараңыз.

30. Акционерлік қоғамның активтері туралы мәліметтер және олардың баланс бойынша құны.

№ 17 кесте

Активтер атауы	31.12.2003ж. баланс бойынша құны, теңге
Жер	399 235
Ғимараттар, барлығы	1 398 556 715
<i>Соның ішінде:</i>	
Электрбалқыту блогінің ғимараты	669 586 467
Құрылыстар	513 862 750
Жеткізу құралдары, барлығы	522 966 699
<i>Соның ішінде:</i>	
Пневмотрассалар	309 072 818
Машиналар мен қондырғылар, барлығы	1 450 337 926
<i>Соның ішінде:</i>	
Электр кен-термиялық пеш	31 780 629
Көлік құралдары	138 931 304

Басқа да активтер	64 017 411
Аяқталмаған құрылыс	558 705 524
Барлығы:	4 647 777 564

* 3 ескертуді қараңыз.

5 тарау. Қаржылық ұйымдардың қаржылық жағдайы.

Қоғам қаржылық ұйым болып саналмайды.

6 тарау. Құнды қағаз шығару туралы мәлімет.

43. Барлық тіркелген құнды қағаздардың шығарылымы туралы мәлімет

«ӨТМК» АҚ 1995 ж. қазіргі кезге дейін акцияның бір шығарымын жүргізді.

1)

- акцияның жалпы саны – 1 079 100 дана, соның ішінде 971 190 жай акция және 107 910 айрықша акция;
- акция түрлері – жай және айрықша;
- бір акцияның номиналды құны – 20 теңге;
- акцияның шығарылу түрі – құжатсыз;
- Шығарылған акцияны мемлекеттік тіркеуге алған ұйым – Құнды қағаздар бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясы;
- шығарылған акцияның мемлекеттік тіркеу нөмірі – А0550;
- шығарылған акцияның мемлекеттік тіркеу мерзімі – 21.11.1995 ж.

2)

- акцияны орналастырудың басталу мерзімі – 21.11.1995ж.;
- акцияны орналастырудың аяқталу мерзімі – 12.08.1997ж.

3)

- жай және айрықша акцияларының дивиденттері уақытында төленді. Айрықша акцияларының төленбеген дивиденттерінің сомасы 01.02.2004 жылға 6 697 мың теңге құрайды.
- дивиденттер төленбей қалған себептері: акционерлер – жеке тұлғалар, Қоғамның айрықша акцияларының иегерлері, ҚР 2003ж. 13 мамырдан «Акционерлік қоғам туралы» Заңының 15 бабы 1 тармағы 2) тармақшасының талаптарын орындамай Қазақстан Республикасынан көшіп кеткен.

4)

- акциялардың орналастару немесе айналым тоқтатылуы, я болмаса Қоғам акцияларының шығарылуы іске аспағанына жағдайы болмаған.

5)

- Қоғам облигация шығаруды іске асырмаған.

6)

№ 18 кесте

Қаржылық жыл	Дивидент сомасы, теңге		Дивиденттердің жалпы сомасы, мың/теңге	
	Бір жай акцияға	Бір айрықша акцияға	Жай акция бойынша	Айрықша акция бойынша
2001	75,30	75,30	73 130,60	8 125,60
2002	114,12	114,12	110 832,00	12 312,20

*

4 ескерту: Төленген дивиденттер мөлшері ақша айналымы туралы есептерінде төленбеген дивиденттерді, сонымен қатар кейбір акционерлердің салықтық жеңілдіктерін есепке алуымен салықты шегеру жолдарымен көрсетілген.

7)

- 1998 жылғы 26 мамырдан Биржа Кеңесінің шешімі бойынша «ӨТМК» АҚ жай және айрықша акциялары «Қазақ қор биржасы» АҚ ресми тізіміне «А» категориямен еңгізілген. Қоғамның жай акциялары бойынша «Қазкоммерц Секьюритиз» АҚ, айрықша акциялары бойынша «Альянс Инвестмент Менеджмент» АҚ маркет-мейкер болып табылады.

7 тарау. Жарияланған акцияларды шығару туралы мәліметтер.

44. Акциялар туралы мәліметтер:

1	Жарияланған акциялардың жалпы саны	2 050 290 дана
2	Соның ішінде: жай акциялар	1 942 380 дана
3	айырықша акциялар	107 910 дана
4	Құрылтайшылар арасында орналасқан акция саны.	1 079 100 дана
5	Соның ішінде: жай акциялар	971 190 дана

6	айырықша акциялар	107 910 дана
7	Құрылтайшылар төлейтін бір акцияның номиналды құны.	20 теңге
8	Айырықша акциялар бойынша дивиденттің кепілдік мөлшері.	5 теңге

45. Акционерлік қоғамның конверсияланатын құнды қағаздары

Қоғамның Жарғысымен конверсияланатын құнды қағаздар шығару мүмкіндігі қарастырылған.

Конверсиялаудың шарты мен реті «ӨТМК» АҚ Жарғысының 3.10т. сәйкес олардың шығару кезінде белгіленеді.

46. Акционерлік қоғамның тіркеуші туралы мәліметтер.

- Қоғам тіркеушісінің толық атауы: «Құнды қағаздың регистор жүйесі» жабық акционерлік қоғамы
- Қоғам тіркеушісінің қысқарылған атауы: «ҚҚРЖ» ЖАҚ
- Қоғам тіркеушісінің орналасқан мекені: Қазақстан Республикасы, 480096, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.
- Қоғам тіркеушісінің байланыс телефондары: (8 3272) 53-57-90, 53-71-77
- Құнды қағаздардың иегерлеріне тіркеу жүргізу қызметін атқаруына лицензиясының нөмірі мен берілген күні.
- Лицензияны берген орган: Қазақстан Республикасының құнды қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы.

47. Акционерлік қоғамның төлем агенті.

Қоғам төлем агентімен шартқа отырмаған.

8 тарау. Қосымша ережелер.

48. Акция шығылымына кететін шығын сомасы.

2003ж. Қоғамның акция шығарылымы және орналастыруына кеткен шығындары:

- тіркеушінің қызметі - 59 755 теңге;
- аудитор қызметі - 10 800 000 теңге;

- заң қызметтері – 425 000 теңге.

49. Инвесторларға арналған ақпарат.

Потенциалды инвесторлар жарғының көшірмесімен және акция шығарылымының проспектісімен Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы, «ӨТМК» АҚ, тел.23-30-10 мекен-жайы бойынша орналасқан «ӨТМК» АҚ офісінде таныса алады.

Президент  Шаяхметов Б.М.

Бас бухгалтер  Макарова М.В.

Ішкі аудит қызметінің
Төрағасы  Нуртаев А.А.



“Қазақстан Республикасының Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі”
ТІРКЕДІ
2004 ж. * 15 * 03

Прошито и пронумеровано

144 (СТО Сорок четыре) листов.



Президент АО «УКТМК»

Б.М.Шаяхметов

Главный бухгалтер АО «УКТМК»

М.В.Макарова